

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Түзете-дамытушылық

Әдістеме: «Қателеспе,сиқыршы»

Топтың аты: 2-3жас Балбөбек кіші тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама №57

Топтың аты: 2-3жас кіші Балбөбек тобы

Тексерілген күні: 15.03.2023

Әдістеме: «Қателеспе сиқыршы»

Мақсаты: балалардың затты тұтастай қабылдауын дамыту.

Құралдар: ойыншықтар, олардың мөлшері орташа болуы және бір-бірінен ерекшеленуі керек. Ағаштан жасалған шар, куб, шелек, тәрелке, қуыршақ, үйрек, балық, жеңіл машина және т.б. Сиқыршының қалпағы қатты беттен немесе бұлдан жасалады. Қалпақ баланың басына еркін сыйуы, бірақ көзіне түспеуі керек, және ойынға әсемделген дорба, ойыншықтарды салу үшін керек.

Ойынның барысы: Ең алдымен сиқыршының роліндегі жағдаяттар беріледі. Сиқыршы көзбен көрмей қандай зат екенін таба алады. Ойынға топтың барлық балалары қатыса алады. Олар ойыншықтар тұрған орындыққа қарама-қарсы отырады. Психолог дорбадан ойыншықтарды ала отырып, балаларға оны есте сақтап қарауын өтінеді. Енді жаңа ойын басталады.

Психолог өз басына қалпақты киіп, балаларына:

- Кім осындай қалпақты кесе, сол цирктағыдай сиқыр көрсетеді- деп ескертеді. Содан кейін өз жанына бала шақырып, оған қалпақ кигізіп, оларға иіліп тұрып:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, деп амандастырады. Балалар:

-Сәлеметсіз бе, сиқыршы, деп амандасты. Енді сиқыршыны орындыққа отырғызады. Одан кейін тағы бір баланы шақырып, дорбадан ойыншық алғызады. Ал бұл кезде сиқыршының көзі жабылып, қалпақ кигізіледі. Бала:

- Сиқыршы, сиқыршы, менің қолымдағы не? - дейді. Егер сиқыршы көрмей, қолыммен ұстаймын десе, қолына қойып:

-Қолымдағы қандай ойыншық?-деп сұрайды. Қателеспе сиқыршы!

Психолог сиқыршының басына қалпағын кигізгенде ойын басталады. Бірақ тыныштық сақтауын өтінеді. Сиқыршы қолына ойыншықты алғанда, оны қолымен сипап көру керек. Егер бала қандай ойыншық екенін таба алмай жатса, оның сезінетіндей жерлерін ұстап көрсету керек. Оқушы ойыншықты өзі атауы керек. Егер атай алмай жатса, балалар:

-Қандай ойыншық қолыңда?,- деп қолдау көрсету керек. Жауабын дұрыс тапқанға қошемет көрсету керек. Осыдан кейін ол қалпағын шешіп, келесі сиқыршыны таңдайды. Сөйтіп ойын бірнеше рет жалғасады.

Ойынның ережесі:

1.Петрушканың қателеспей ойыншықты табу үшін ең алдымен тыныштық сақталу керек.

2. Затты айтуға тыйым салынады.

3.Сиқыршының әрбір іс-әрекетін мұқият бақылау керек. Кім сиқыршының көңілін бөлсе, соны сиқыршы болғызбау керек.

Қорытындысы:

2-3жас кіші тобы «Қателеспе сиқыршы»тақырыбында сенсорикалық жұмыс жүргізілді.Балалар ойынға жақсы араласты. Балалар өздерін сиқыршыдай сезінді.

Зерттеуші:Педагог-психолог: : Елшибекова.А.О